

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қаңтар N 135. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.19. N 673 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі - республикалық бюджеттің қаражаты есебінен, аумақтық денсаулық сақтау органдары - жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі уәкілетті органдар болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі осы қаулыны барлық денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының назарына жеткізсін, оның жергілікті жерлерде атқарылуын бақылауды қамтамасыз етсін және жылына екі рет Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне оның орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

4. "Азаматтарға 1999 жылға арналған республикалық және жергілікті бюджеттер қаражатының есебінен мемлекеттік тапсырыстың шеңберінде қаржыландырылатын медициналық көмектің тегін кепілдендірілген көлемінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 қаңтардағы N 70 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1998 ж., N 2, 18-құжат) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер - Министрінің*

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 27 қаңтардағы
N 135 қаулысына қосымша

**Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген
көлемі**

1. Азаматтарға республикалық бюджеттің есебінен орындалатын тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі:

1) денсаулық сақтау ұйымдарының жолдамасы бойынша ересектер мен балаларға оңалту көмегін қоса алғанда: хирургиялық, нейрохирургиялық, уронефрологиялық, психиатриялық, онкологиялық және радиологиялық, тері-венерологиялық, офтальмологиялық, кардиологиялық, акушерлік-гинекологиялық және зиянды әрі қауіпті өндірістік факторларға байланысты аурулар, туберкулез, лепра кезінде мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді;

2) ВИЧ-инфекциясын жұқтырған ауруларға медициналық көмек көрсетуді;

3) шұғыл, төтенше жағдайларда пайда болған аурулар кезінде медициналық көмек көрсетуді;

4) < * >

Ескерту. 4-тармақша алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.09.12. N 1182 қаулысымен

2. Азаматтарға жергілікті бюджеттің есебінен орындалатын тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі:

1) алғашқы медициналық-санитарлық көмекті;

алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мамандарының жолдамасы бойынша мамандандырылған амбулаториялық-емханалық ұйымдар жүзеге асыратын консультациялық-диагностикалық көмекті;

ортодонтикалық көмектен басқа 18 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге және тісі қатты ауырған науқастарға стоматологиялық көмекті;

18 жасқа дейінгі балаларға физиотерапевтік көмекті;

2) жедел және шұғыл жәрдем көрсетуді;

3) шұғыл көмек көрсетуді;

алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету мамандарының жолдамасы бойынша аурулардың барлық түрлері, оның ішінде: онкологиялық, психоневрологиялық, инфекциялық, офтальмологиялық, хирургиялық, нейрохирургиялық, ортопедиялық, уронефрологиялық, терапевтік, травматологиялық, тері-венерологиялық, жүкті әйелдер мен аурулардың гинекологиялық ауруларына, алкоголизммен және нашақорлықпен, туберкулезбен, қант диабетімен, тыныс жолы-өкпе ауруларымен ауыратындар бойынша жоспарлы көмек көрсетуді қоса алғанда, жергілікті деңгейде ересектер мен балаларға стационарлық медициналық, оның ішінде оңалтушылық көмек көрсетуді;

4) шұғыл, төтенше жағдайларда пайда болған аурулар кезінде медициналық көмек көрсетуді;

5) ВИЧ-инфекциясын жұқтырған ауруларға медициналық көмек көрсетуді

қ а м т и д ы .

3. Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қазақстан Республикасы ішкі әскерлерінің әскери қызметшілеріне заңдарда белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмек көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ